



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

С принятием Уголовного кодекса РК от 03.07.2014г. законодателем ужесточена санкция части 3 и 4 статьи 120 в виде лишения свободы от 10 до 20 лет, а также с пожизненным лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью либо пожизненным лишением свободы, считаем, что законодатель правильно внес вышеуказанные дополнения, именно в данных частях, так как изнасилования является одним из тяжких и самых распространенных видов половых преступлений.

Список использованных источников

1. Уголовный кодекс РК от 03.07.2014 г.
2. Нормативное Постановление Верховного Суда РК «О некоторых вопросах квалификации преступлений, связанных с изнасилованием и иными насильственными действиями сексуального характера» от 11 мая 2007г.
3. Учебник Уголовное право РК - 2001г .

УДК343.43

АДАМ САУДАСЫ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕС ЖҮРГІЗУДІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Есекей А.Е.

esekeeva.95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Заң факультетінің 3 курс студенті
Ғылыми жетекші – з.ғ.к.Ашимова Э.А.

Тәуелсіз, дербес мемлекет болып танылған әр елдің бұл салаға мұқият болып, өз азаматтарының мүддесін қорғауда қырағылық танытып отырған жөн. Күнделікті жаңалықтарды, газет журналдарды парақтаған кезде «іс түссіз жоғалып кетті» деген хабарларға еріксіз көңіл аударып, шынында бұл адамдар қайда жүр деген ойға ораласың. Трафик немесе адам сату аясында «құлдыққа» мәжбүрлеп пайдалану – біздің топырағымызға, ұлттық дінімізге мүлдем жат, жан түршіктірер ұғым.

Адам саудасы қазіргі таңда халықаралық дәрежедегі ең өзекті мәселелердің бірі, адамдарды құлға айналдыру мақсатында заңсыз шетелге апарып, саудаға салу, көптеген адамдарға табыс тауып баюдың көзі болып отыр. Біз адам саудасының тарихына үңілер болсақ, ол жаңадан пайда болған жайт емес. Адамдарға өз еркінен тыс жұмыс істету, сол арқылы еңбектенушінің еңбегін қанау деген нәрсе ежелгі Египетте, Қытай, Грекия елдерінде және Рим империясынан бастау алған болса, бүгінгі күндері де адамдарды бір елден екінші бір елге ақшаға қызықтырып, асыру мәселесі жиілеп кездеседі. Сондықтан, адам саудасы көлеміне кіретін, оның салдарынан пайда болатын адамдарды құлдыққа алу немесе керісінше құлдыққа сату деген халықаралық үлкен бір проблема өмір ағысымен жүріп келеді. Тарих атасы Геродоттың «Тарих» атты атақты еңбегінде жазған яғни «жаулап алынған мемлекеттердің тұтқынға түскен жауынгерлерін жаулап алушы мемлекеттер, басқа елдерге құлдаққа сатқан» [1].

Адам саудасы мәселесі қазіргі таңда қоғамдағы теріс құбылыстардың біріне айналууда. Бұл мәселе бірінші рет XX ғасырдың басында құқық қорғаушылар тарапынан көтерілген болатын. Сол кезде континентальды еуропа мемлекеттерінде жезекшөлікпен айналысуға мәжбүр етілген Ұлыбританиядан шыққан әйелдерге ерекше мән берілген болатын. Сол кезде «ақ құлдық» термині пайда болған еді, ол адам саудасы түсінігімен ұштасты.

Адам саудасы жөнінде көптеген оқиғалар оларды жезөкшелік, порно бизнес, сексуалды сипаттағы және т.б. салаларда пайдалану жөнінде айтылды. Адам трафигі - құл саудасына жақынырақ келеді. Бұл құбылыстың құрбандары болып негізінен әйелдер мен жас

өспірімдер табылуда. Бүгінгі таңда бұл мәселенің өзектілігі күннен күнге артуда. Бұл басқаша айтқанда бүгінгі таңдағы құлдықтың жаңа нысаны [2].

Аталған мәселе тек Қазақстанды ғана емес, әлемнің көптеген елдерін шарпып отырғаны рас. Егер біз, тұғыры биік, арманы асқақ елдің егемендігін сақтайық десек аталған мәселені ушықтырмай шешуіміз керек. Себебін экономикалық тұрғыда қарайтын болсақ, адам саудасы бұл еңбекке қабілетті адамдарды, жұмыс күшін сырт елге шоғырландыру арқылы мемлекеттің экономикасын қатты әлсіретеді. Сонымен қатар адам саудасы тәжірбиеде көрініс тапқандай, әйелдер мен балаларды жыныстық қатынаста пайдалану, оларды инфекциялық ауруларды, «Иммун тапшылығы вирусын (ВИЧ/ СПИД)» жұқтыруға душар етуі мүмкін, және де оларды ішімдікке немесе есірткі заттарына тәуелді етуге ұшырату арқылы, мемлекеттің демографиялық ахуалын төмендетеді. Адам саудасын ұйымдасқан қылмыскерлік әрекет ретінде қарауымыз қажет [3].

Адам саудасы әлем бойынша көп ақшалай пайда түсіретін қару саудасы және есірткі бизнесінен кейінгі үшінші орынды алуда. Адам саудасы жылына шамамен есептеп қарағанда 8-ден 10 миллиард АҚШ долларына дейін пайда түсіреді екен. Осы адам саудасынан түскен үлкен қаражат мемлекеттік қызметкерлер арасында жемқорлыққа жол ашады. Ұйымдасқан қылмыстық топтардың елдің саяси институттарының құрылуына ықпал жасауы, сонымен қатар оның ішкі және сыртқы саясатының қалыптасуын бұзу, халықтың мемлекеттік саяси институттарға деген сенімін жоғалтып қана қоймай, үкіметтің өз функцияларын орындай алады деген сенімін де жоғалтады [4].

Жалпы адам саудасы заңсыз миграцияға әкеліп соғады, бұл дегеніміз мемлекеттің немесе мемлекеттің заңдарын және шекарасын бұзуға жағдай жасайды. Адам саудасымен айналысатын ұйымдасқан қылмыстық топтар желі әлемдік және трансұлттық сипатқа ие.

Ең өкініштісі Қазақстан Республикамыздың географиялық орналасуы осы қылмыс құрбандарын тасымалдаудағы ең қолайлы аймақ болып табылады. Мемлекетіміздің экономикалық шарықтауының жоғары деңгейде болуы, көрші елдес азаматтардың жұмыс іздеп келуі және олардың жыл сайын өсуі, адам саудасы мен құлдыққа алу аясындағы қылмыстық топтардың көбеюін тудырады. Соның нәтижесінде, көршілес елдердің, соның ішінде Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан мемлекеттерінің азаматтары – Қазақстандағы адам саудасы «бизнесінің» құрбандары болып келеді.

Адам трафигі- демократияға үлкен қатер туғызады. Ең алдымен мұндағы трафик құрбандары болған адамдардың негізгі жеке бас бостандығына деген құқығының бұзылғандығына мән бере қарауымыз керек [5].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [6]. Сол себепті еліміздің ешбір азаматының құқықтары тапталып, заңсыз бостандығынан айырылуын тудырмайтын жағдайлар жасау керек.

Адам трафигі-халықаралық деңгейде мемлекеттер арасында экономиканың, мәдениеттің дамуына кедергі жасайды, сонымен қатар саяси-құқықтық және дипломатиялық қатынастарды қиындатады. Сонымен адам трафигі-бұл әр-түрлі деңгейдегі жаңаша қоғамның қалыптасуына кедергі жасайтын, жеке бас мәселесі, ұлттық, аймақтық, сонымен қатар, ғаламдық қауіпсіздікке, демократияға, кедергі келтіретін, адам құқығының қатаң бұзылуына алып келетін саяси мәселелер.

Адам саудасы 90-жылдардың басында Совет Үкіметі құлағаннан кейін құрылған әрбір жас тәуелсіз мемлекеттің бастан өткізген экономикалық, мәдени дағдарыс нәтижесі халықтың заңсыз көші-қонының белсенділігін арттырды және адам саудасымен айналысатын ұйымдасқан қылмыстық топтың қызметін іске қосты.

Адам трафигімен күресті жүйелі де, әрі тиімді жүргізіп отырған Америка Құрама Штаттары. ТМД елдерімен салыстырғанда олардың айырмашылығы, ұйымдастырылған, кешенді және оларды мемлекеттік және мемлекеттік емес бюджет есебінен қаржыландырып

отырады. Бүгінгі күні АҚШ қолданып отырған адам трафигімен күресу және алдын алу тәжірбиесін Халықаралық қауымдастықтың мүшелері зерттеп қолдануда [7].

Қазақстан Республикасы мемлекеттік және мемлекеттік емес деңгейде тәжірбиеде адам саудасының кездесетінін мойындады. Қазақстандағы Үкіметтік емес ұйымдар мемлекет территориясында орналасқан халықаралық ұйымдардың көмегімен, осы адам саудасының құрбаны болған адамдарға бірнеше жылдың көлемінде көмек берілуде.

2014 жылғы басылып шығарылған АҚШ мемлекеттік департаментінің «Адам саудасы қылмысымен күресу туралы» жыл сайынғы мәлімдемесінде, рейтинг бойынша Қазақстан Республикасы адам саудасы қылмысымен күресуде көп шара қолданатын мемлекеттер қатарына кірді.

Адам трафигінің бұрынғы заманғы құлдықтың бір түрі ретінде дамуымен Әлемдік қауымдастық өткен ғасырдың соңы мен қазіргі жүз жылдықтың басында кездесті. Жалпы осы салада жүрген мамандардың зерттеулері көрсеткендей, жыл сайын бүкіл дүние бойынша 800 000-нан 4 000 000-ға дейін адамдар, адам саудасының құрбанына айналады, ал соның ішінде шамамен 1.4 млн кәмелетке толмаған балалар. Ал осы адам саудасымен айналысатын трафикерлердің жыл сайынғы табысы 7млрд долларға жетеді. Сонымен бүгінгі таңда, пайда түсіру жағынан бірінші орында заңсыз қару-жарақ сату болса, екінші орында заңсыз есірткі заттарының айналымы, ал үшінші орында адам саудасы [8].

Қазақстанның өзінде 2014 жылдың 6 айында ішкі істер органдары 192 қылмыстық іс қозғады, оның ішінде 3-і пайдалану мақсатында адам ұрлау; 4-і пайдалану мақсатында заңсыз бас бостандығынан айыру; 10-ы адам саудасы; 8-і кәмелетке толмағанды жезөкшелікпен айналысуға тарту; 9-ы кәмелетке толмағандарды сату; 11-і жезөкшелікпен айналысуға тарту; 147-сі жеңгетайлық және притон ұстағаны үшін іс қозғалды [9].

Жоғарыда айтқандарды ескере отырып, адам баласы ХХІ ғасырдың табалдырығында тұрып өте қиын, тез тарайтын ғаламдық проблемамен қақтығысты, адам өзінің қаржылық кіріс көзін арттыру мақсатында, адамдарды іске тарту, тасымалдау, сату және пайдалану шараларын қолданды. Жалпы айтқанда адам саудасы, адамның негізгі саяси құқығын бұза отырып, демократияға нұқсан келтіреді және мемлекет ішінде жемқорлықтың дамуына жол ашады.

Трафик барысында моральдық және физикалық күш көрсету, тұрғылықты жерін өз еркімен таңдау және жүріп-тұру еркіндігін шектеу, еңбек ақысын төлемеу, жұмыс күнінің шектелмегендігі құрбан болған адамның денсаулығына үлкен зардап келтіреді. Адам саудасы тек жұмыс күші ретінде ғана емес сонымен қатар, сексуальды әрекеттерге де пайдаланылады. Жыныстық қатынас түріндегі қызметті-әйелдер мен балалар көрсетсе, жұмыс күші ретінде еңбек етуге ер адамдарды пайдаланылады.

Біз адам саудасын әлемдік қауіпсіздікке төніп тұрған құбылыс ретінде қарастыруымыз керек, себебі бүгінгі жас өспірімдер адам саудасының құрбаны болса одан кейін қандай болашақ болмақ?! Оның өмірге деген көзқарасы ғана өзгеріп қана қоймай, сонымен қатар адамға деген сенімсіздік, жек көрушілік пайда болады. Ал егер жәбірленуші осы сауда құрбаны болып жұмыс істеген уақытта қандайда бір дене жарақатын алса, онда тіптен мүгедектер саны көбейіп, елде әлеуметтік қорғалмаған адамдар саны көбейеді.

Сондықтан адам саудасына тосқауыл қою мәселесіне біздің ел азаматтары да барынша көңіл бөліп, осы бір келеңсіз құбылыстың жолын кесуге өз үлестерімізді қосудамыз. Бұл шаралар тек мемлекетіміздің емес, сонымен қатар әлемдік адам саудасының қылмыстылыққа қосар үлесін азайтуға айтарлықтай септігін тигізуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Электронды ресурс: <http://massaget.kz>
2. Буряк М.Ю. Адам саудасы және онымен күресу: Монография. Владивосток, 2006.
3. Сыдықова А.Ұ. Адам трафигімен күресудің саяси механизмдері: әлемдік тәжірбие және Қазақстан. Афтореферат. Алматы. 2004 ж. 3б.

4. Бадикова Е, Торговля людьми как институт рабовладения. Мир закона №6 2005ж 13с.
5. Электронды ресурс: <http://articles.gazeta.kz>
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы (30 тамыз 1995 жыл). (21.05.07. ж. енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) 1-б;
7. Электронды ресурс: <http://www.pravstat.kz>.
8. Проблема контрабанды людей: задача ОБСЕ. Справочный документ БДИПЧ. 1999/3. 88с
9. Электронды ресурс: <http://baq.kz>

УДК 343.6

СМЕРТНАЯ КАЗНЬ – «ЗА» И «ПРОТИВ»

Жакупбекова ЖаннаСултановна

jjjannka23@mail.ru

Слушатель 209 учебной группы Карагандинской академии Министерства Внутренних
Дел Республики Казахстан имени Б. Бейсенова

Научный руководитель: Доцент кафедры уголовного права и криминологии КА МВД
РК им. Б. Бейсенова, к.ю.н., Мухамадиева Г. Ж.

Актуальность рассматриваемой темы фигурирует на протяжении всего существования государства. Много сторонников «за» и «против» смертной казни.

Одним из основных принципов развития гражданского общества, является принцип гуманизма. Цивилизованное государство не должно провоцировать свой народ на жестокость и подрывать недоверие к власти. Смертная казнь, не наказывает преступника, а облегчает страдание, тем самым он избегает наказания, ведь он должен раскаяться в содеянном и жить с этим. Кроме того, человек, совершивший преступление, наказываемое смертной казнью, и преследуемый правосудием, может посчитать, что находится в ситуации, когда ему нечего терять, в результате чего совершает новые преступления.

Исторически смертная казнь «эволюционировала» из древнейшего обычая кровной мести, который существовал еще в догосударственном обществе и выражался в формуле «око за «око», «зуб» за зуб». Тогда не покарать преступника, не отомстить, не восстановить справедливость считалось позором, бесчестьем для пострадавшего или его родственников, в случае смерти. С появлением государства карательные функции постепенно переходят к специальному государственному аппарату. Убийение преступника (смертная казнь) становится публичным и обретает статус уголовного наказания, исполняемого от имени государственной власти. Однако перечень преступлений, подпадающих под такое наказание, все более расширялся [1].

Смертная казнь – расстрел является самым тяжким исключительным видом наказания. Она допускается лишь за террористические преступления, сопряженные с гибелью людей, а также за особо тяжкие преступления, совершенные в военное время. Государство рассматривает смертную казнь как исключительную меру наказания, о чем свидетельствует прямое указание об этом в законе (ст. 47 УК) [2].

На данный момент в нашей стране наложен мораторий на смертную казнь, в этой связи множество лиц приговоренных к смертной казне, были помилованы и стали пожизненными обителями колоний особого режима.

На наш взгляд, пожизненное заключение не эффективная мера наказания и ставит под угрозу безопасность общества. Что полезного может сделать человек, который всю свою жизнь будет находиться в местах лишения свободы. Он совершил особо тяжкое преступление умышленно, значит прекрасно предвидел, осознавал и желал наступления данных последствий. То есть, его психика уже где-то в чем-то нарушена и добавьте к этому